

FTAXP 06.61.33
ӘОЖ 332.1
JEL Q01, R12, J10

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-90-103>

М.М. ХАЛИТОВА,*¹

Э.Ғ.Д., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: madinakhalidi@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9564-5503

С.К. НУРЫМОВА,¹

докторант.

e-mail: nurymova_saule@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0085-0884

Ж.К. ДЮСЕБАЕВА,¹

докторант.

e-mail: mdzhk@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-9141-2101

¹ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің экономика институты,
Алматы қ, Қазақстан

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН АУЫЛДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТЕТІКТЕРІ

Андатпа

Ауыл шаруашылығын табысты жүргізуге қолайлы жағдайлардың болуына қарамастан, ауыл тұрғындарының республиканың ірі қалаларына көші-қонының жалғасып жатқан үдерісінің қарқыны қысқарған жоқ. Мақала тақырыбының өзектілігі Қазақстанда қалыптасқан осы парадокстың себептерін анықтап, оларды жою үшін қажетті шаралар кешенін жасау қажеттілігімен түсіндіріледі. Бұл мәселенің өткірлігін ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі мемлекеттік шаралардың іске асырылу деңгейінің жеткіліксіздігі күшейтеді. Зерттеудің мақсаты – ауылдық елді мекендердің демографиялық жағдайына әсер ететін экономикалық даму деңгейі мен әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейінің көрсеткіштерін талдау. Зерттеу әдістемесінде ауыл тұрғындарының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштерді зерттеуге және ауыл экономикасын жақсартуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін бағалауға жүйелі тәсіл қолданылады. Ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту бағытында қажетті мемлекеттік шараларды қабылдау мақсатында Қазақстандағы ауылдық елді мекендердің қазіргі жағдайын талдау мәселелері қарастырылған. Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын талдау ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуында туындайтын мәселелердің түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Ауыл тұрғындарын тиімді жұмыспен қамтуды арттыруға, ауылдардағы жаппай кәсіпкерлікті дамытуға ынталандырудың инновациялық әдістерін қолдану арқылы ауылды дамытудағы мәселелерді шешудің жаңа жолдарын әзірлеу ұсынылады.

Тірек сөздер: ауылдық елді мекен, даму, жаңа тәсілдер, талдау, мақсатты бағдарламалар, цифрландыру, инфрақұрылым.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығының даму деңгейі мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін анықтайды, ал ауыл шаруашылығы дамуының іргелі шарты – қажетті ресурстардың, оның ішінде сәйкес мамандандардың ауылдық елді-мекендерде болуы саналады. Алайда, қазіргі заман үрдістері үлкен қалаларға көшу есебінен ауыл халқы санының азаюын көрсетеді. Оның себептері көбінесе еңбекақы мөлшерінің төмен деңгейімен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен, осыларға байланысты кедейшілік деңгейінің өсуімен түсіндіріледі. Оған қоса, қалалық жерлер мен ауылдық елді-мекендер арасындағы экономикалық шарттар тұрғысынан алғандағы алшақтық ауылдық жерлердің демографиялық ахуалына теріс ықпал етеді. Нәтижесінде ауылда қалған халық дәрігер, мұғалім, ветеринар сияқты маңызды мамандарға мұқтаж болуда. Халқы

аз ауылдық жерлерде әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым да тозу үстінде. Әл-ауқаты жоғары болған ауыл халқы да осы аталған себептерге байланысты қалаларға көшіп жатыр немесе көшуді жоспарлауда [1]. Сайып келгенде, сипатталған құбылыстардың барлығы өзара байланысты: ауыл халқының өмір сүру сапасының төмен деңгейі еңбек ресурстарының сарқылуына ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейді. Осы орайда ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту мақсатында Қазақстанда сәйкес бағдарламалар іске асырылуда: Өңірлерді дамытудың 2020–2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы, Елдің 2030 жылға дейінгі аумақтық дамуының болжамды сызбасы, ҚР 2017–2021 жж. арналған агроөнеркәсіптік кешенін дамыту, «Агробизнес – 2020» мемлекеттік бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2017–2021 жж. арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, «Ауыл – Ел бесігі» 2025 ж. дейінгі мемлекеттік бағдарламасы. Әйтсе де, ауылдық мекендердегі әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымның даму деңгейі әлі төмен болып отыр, көп жерлерде әлеуметтік, мәдени, ақпараттық және инновациялық қызметтерді, кейбір жерлерде тіпті байланыс қызметтерін тұтыну қол жетімсіз болып отыр. Соның есебінен ауылдан қалаға көші-қон ағыны жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан ауылдағы демографиялық жағдайды көтеру үшін ең бірінші кезекте ондағы инфрақұрылымды дамыту қажет, ол институционалдық-экономикалық тетіктерді әзірлеуді қажет етеді.

Негізгі ережелер

Елдегі аграрлық өндірістің негізі ретінде ауылдық елді мекендерді дамытудың институционалдық-экономикалық тетігінің құралдары мен тетіктерін дәл айқындау үшін қазақстандық ауылдарды дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдау қажет.

Статистика бюросының мәліметі бойынша 2021 ж. еліміздегі ауыл тұрғындарының саны 0,54%-ға – 7770 мың адамға дейін өсті. Республика бойынша қала мен ауыл халқының үлесінің арақатынасы 59,4% / 40,6% болып отыр [2]. Ауылдық елді мекендердің көрсеткіштерін қалалық елді мекендермен салыстыру ауылдар мен қалалар тұрғындарының кірістілігі мен кедейлік деңгейін салыстырмалы талдау арқылы жасалады. Бастапқыда қала мен ауылдың кедейлік деңгейі үлкен болды: 1997 ж. қала – 32,7%, ал ауылда – 46,0%, яғни айырмашылық айтарлықтай болды – шамамен 13%. 2020 жылға қарай бұл көрсеткіштер тиісінше қала мен ауылдың 3,7 және 7,6%-ын құрады.

Ауылдағы тұрмыс деңгейінің, кедейлік деңгейінің көрсеткіштері қалалық көрсеткіштермен салыстырғанда Қазақстандағы ауылдық аумақтар тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсы көрсетеді. Жыл сайын ауылдағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі қаладағыдай 24 жыл ішінде жылдан жылға төмендеу тенденциясына ие.

Сондықтан ауылдық елді мекендер тұрғындарының әлеуметтік және экономикалық мүдделерінің өзара байланысына бағытталған институционалдық-экономикалық тетік сөзсіз елдегі ауыл халқының жұмыспен қамтылуы мен табысын арттыру жөніндегі одан әрі шараларды қамтуға тиіс. Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру кезеңінде кірістерді арттыруға, өнімді жұмыспен қамтуға, еңбек әлеуетін жандандыруға және кедейліктен шығу жөніндегі кешенді бағдарламаларға бағытталған әлеуметтік қорғау бағдарламаларын іске асыруға көбірек көңіл бөлу қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістемесі еліміздегі ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді, оларды шешу мақсатында жасалып жатқан мемлекеттік қолдау шараларын, сондай-ақ ауылдық жерлердегі әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымды талдауға жүйелік тәсілді қолдануға, талдау және синтез, салыстыру, кестелік және графикалық кескіндеу әдістерін пайдалануға негізделген.

Зерттеудің ақпараттық базасын ҚР Ұлттық статистикалық бюросының ресми мәліметтері және ауыл шаруашылығы салаларының материалдары құрайды. Сонымен бірге, зерттеу

ұйғарымдарын негіздеу барысында ғылыми салалық басылымдарда жарияланған материалдар мен аналитикалық шолулар пайдаланылды. Зерттеу келесі кезеңдерді қамтиды:

- ♦ Қазақстанның ауылдық елді-мекендеріндегі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін соңғы жылдар кескінінде салыстырмалы талдау;
- ♦ Қазақстанның ауылдық елді-мекендеріндегі кейбір әлеуметтік инфрақұрылыммен қамсыздандырылу деңгейін талдау;
- ♦ Ауыл жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарламалардың нәтижелерін қарастыру;
- ♦ зерттеу нәтижелеріне сәйкес, ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту тетігін әзірлеу.

Әдебиетке шолу

Жалпы, қала мен ауылдық елді-мекендер арасындағы көші қон мәселелері көптеген шет ел зерттеушілерінің назарында болды. Олардың барлығында ауылдағы демографиялық жағдайдың нашарлануына көбіне қалаға көшу себеп болатындығы, бұл құбылыс аймақтағы әртүрлі экономикалық мүмкіндіктерге жауап ретінде саналатындығы ұйғарымдалады [3]. Б. Торум ауыл халқын қалаға көшуін ынталандыратын факторларға жақсы өмірге деген ұмтылыс, жұмыс мүмкіндіктері, өмір сүру жағдайларының жақсаруы, сапалы білімге ұмтылу, жақсырақ тұрғын үй, жақсартылған медициналық көмек және дамыған көлік инфрақұрылымын жатқызған [4]. П. Дешинкар бүкіл дамушы әлемде қалалар мен ауылдық аймақтар арасындағы миграция әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелердің салдарынан орын алатындығын ғылыми негіздеген [5].

Э.В. Амревурайра жүргізген эмпирикалық зерттеуі көші-қон мен әлеуметтік қолайлылықтар (демалыс, су, денсаулық сақтау, электр және көлік инфрақұрылымдары) арасында маңызды байланыс бар екенін көрсетті. Зерттеу қорытындыларына сүйенетін болсақ, ауылдан қалаға көші-қонды төмендету үшін ауылдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды көтеру қажет [6].

Ресейдің бір топ ғалымдары ауылдағы демографиялық ахуалға сол аймақта орын алған қала халқы мен ауыл халқы арасындағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің алшақтығы әсер ететіндігін ғылыми негіздеген. Олардың пікірінше, мұндай көрсеткіштерге тұрмыстық жағдайлар, ақпараттық және мәдени құндылықтардың қолжетімділігі, еңбекақы деңгейі және ауыл тұрғындарының табысы бойынша саралануы жатады [7].

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына әсер ететін факторлар мен оларды дамыту жолдарын М.В. Каймакова [8] және А.В. Костарев [9] зерттеген. Мұндай факторларға ғалымдар әлеуметтік инфрақұрылым ұйымдарының қызметтеріне халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің факторлары, өмір сапасы және демографиялық процестерді жатқызған.

Қазақстандағы ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері Д. Женсхан, Ш.Е. Альпеисова, К.К. Нығметов, К. Бодаухан және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Ауылдық елді-мекендердегі халықтың өмір сүру сапасын зерттеген отандық ғалымдардың ішінде Экономика институтының ғалымдары А.А. Сатыбалдин, Н.К. Нурланова, Н.Ж. Бірімбетова, Ф.Г. Альжанова, А.Ж. Панзабекова, А.Т. Тлеубердинова, Р.М. Рузанов және т.б. зерттеушілерді көрсетуге болады. Осы ғалымдардың еңбектерінде ауылдық елді мекендер шеңберіндегі өмір сүру деңгейінің ауыл халқына ұсынылатын материалдық, әлеуметтік және мәдени игіліктерді қамтамасыз ету саласындағы жалпы республикалық стандарттар мен нормаларға сәйкестігі меңзеленеді. Ол шешуші дәрежеде ауыл тұрғындарының бақуатты және жайлы өмір сүруі мен өмір сүруіне жағдай жасайтын әлеуметтік инфрақұрылымдық аймақтардың тиімді жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі [10, 11]. Осыған орай, ауылдың өмір сүру сапасын арттыру саласында тиімді саясат жүргізу үшін ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының даму дәрежесін анықтау және оның проблемалық бағыттарын анықтау бойынша жұмыстардың маңыздылығын атап өту қажет.

Еліміздің ауылдық аумақтарындағы көлік инфрақұрылымын А.Т. Тлеубердинова [12] және Е.А. Полухина [13] зерттеген. Д. Женсхан, Б.Е. Рустембаев, А.Ж. Нукешева ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын ауыл халқының әл-ауқатын жаңартуға және жақсартуға бағдарлау мәселелерін зерттеген [14]. Олардың зерттеу нәтижелері


көрсеткендей, ауылдық жерлерде жағдайды қиындататын негізгі себептер – тұрғындардың әл-ауқаты мен сатып алу қабілетінің төмендігі, судың жетіспеушілігі, жол төсеміне, көлікке, интернетке, әлеуметтік қызмет көрсету нысандарына қолжетімділіктің жеткіліксіздігі, оларды реттеу мен күтіп ұстаудың нормативтік-құқықтық базасының жетілмегендігі есебінен қабілетті халықтың қалаға көшуі, ақырында демографиялық жағдайдың ушығуы болып табылады.

К. Бодаухан, Д. Женсхан, Ж. Жолмуханова ішкі көші-қонның Қазақстанның ауылдық аумақтарының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға әсерін зерттеген. Ғалымдар экономикалық-статистикалық, аналитикалық, логикалық әдістерді және салалық ақпараттық мәліметтерді қолдана отырып, ауылдық жерлерді әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етудегі қалыптасқан жағдайды зерттеу нәтижесінде инфрақұрылымның ескіруі, өмір сапасының төмендігі, жалақы әсерінен ішкі көші-қон және демографиялық асқынуларды анықтап, олардың себептерін негіздеген [15].

Зерделенген жұмыстардың тақырыпты дамытудағы қосқан үлестеріне және әзірлеген ұсыныстарына қарамастан, оларда ауылдық елді-мекендердің инфрақұрылымын дамытудың нақты тетіктері жасалмаған және шаралары жүйеленбеген. Бұл осы бағыттағы зерттеулер бағытын күшейтуді қажет етеді.

Нәтижелер және талқылау

Есептеулер көрсеткендей, Қазақстанда қала бойынша кедейлік деңгейі 9 есе төмендесе, ал осы кезеңде ауылдың кедейлігі 6 есе төмендегенін көрсетті. Қазақстанның ауылдары бойынша ең төменгі көрсеткіш (4,2%) 2016 ж. тіркелді және табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл тұрғындарының саны 2017 ж. 4,6%, 2018 ж. 6,7%, 2019 ж. 6,6% және 2020 ж. 7,6% есе бастады (1-сурет).



Сурет 1 – Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі (кедейлік деңгейі), %


Ескертпе: [2] дереккөз негізінде құрастырылған.

Қазақстанның ауылдарын дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралардың жиынтығы, ауылдық аумақтардың кедейлік деңгейін төмендету факторларына айналды [16]. Егер соңғы 4–5 жылдағы үрдістерді қарасак, онда бұл көрсеткіштердің төмендеу көрінісі жағымды емес (2-сурет, 94 б.). Бұл айтарлықтай көрінбейді, бірақ өмір сүру деңгейі нашарлаған адамдар санының өсуін көрсетеді.

2019 ж. республика бойынша кедейліктің төменгі деңгейі Атырау және Қарағанды облыстарында – 3,0%, ал ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өмір сүретін халықтың деңгейі Түркістан облысында – 12,2% қалыптасты.


Статистика деректеріне сәйкес ауылдық аумақтардың жұмыссыздық деңгейінің серпіні 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейін 5,8%-дан 4,9%-ға жетті, орташа көрсеткіш 4,9%-ды

құрады. Республикалық деңгей аясында ауылдық жұмыссыздық байқалмайды, бірақ орташа мәні 5,3%-ды құраған қалалыққа қарағанда аз (3-сурет).



Сурет 2 – Кедейлік көрсеткіші, %

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде құрастырылған.




Сурет 3 – Жұмыссыздық деңгейінің салыстырмалы динамикасы, %

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде құрастырылған.

Маңғыстау облысы ауыл тұрғындарының жоғары жұмыссыздық деңгейі 2010 ж. – 7,3% болып тіркелді, ал ең төмен деңгейі 2020 ж. Ақмола облысында тіркелді – 5,3% (4-сурет, 95 б.).

Ауылдағы жұмыссыздардың жас санатын талдау көрсеткендей, 2010 ж. қазақстандық ауылдар бойынша жұмыссыздықтың жоғары көрсеткіші 8,3%-ға 25–28 жастағы тұрғындар тобында қалыптасты, ал 2020 ж. 29–34 жастағы адамдар санатында жоғары деңгей – 6,6%.

Кедейлік бейресми жұмыспен байланысты. 2012 жылдан бастап 2020 жылға дейін 9 жыл ішінде ауылдағы бейресми жұмыспен қамту жалпы өңірлік жоспарда төмендеді, дегенмен өңірлердің кейбір ауылдарында ауылдағы бейресми жұмыспен қамту деңгейі өзгеріссіз қалды. Бір қызығы, ауылдағы бейресми жұмыспен қамту деңгейі қалалық жұмыспен салыстырғанда едәуір жоғары, орташа деңгей тиісінше 2012–2020 жж. аралығында 27,4% және 13,4%-ды құрады. Егер 2012 ж. Қостанай облысы республика бойынша бейресми еңбекшілердің үлесі бойынша 57%-бен көш басында болса, ал 2020 жылға қарай Батыс Қазақстан облысының ауыл тұрғындары бейресми еңбек қатынастарына ең көп 40,5%-бен тартылды. 2012 ж. да, 2020 ж. да Маңғыстау облысы бойынша салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш – 2,8% сақталуда.



Сурет 4 – 2010–2020 жж. жұмыссыздық деңгейінің өзгеруі, %

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде құрастырылған.

Ресми деректерге сәйкес, Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы жалақы экономикалық қызметтің басқа түрлерімен салыстырғанда төмен болып қалуда 1-кесте.

Кесте 1 – Ауыл шаруашылығындағы орташа жалақы, сағат бойынша

Экономикалық қызмет түрі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Барлығы теңге бойынша	959	1038	1187	1564
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	537	599	769	942
Өнеркәсіп	1382	1445	1604	2044
Құрылыс	1337	1692	1496	1881
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	935	1106	1200	1361
Тасымалдау және қоймаға реттеу	1178	1226	1304	1826
Ескертпе: [17] дереккөз негізінде құрастырылған.				

Қызметтің басқа түрлерімен салыстырғанда бұл ең төмен көрсеткіш, мәселен, өнеркәсіптегі орташа сағаттық жалақы – 1477 мың, құрылыстағы жалақы – 1508 мың, саудадағы жалақы – 1080 мың, көлік және қойма саласындағы жалақы – 1236 мың теңге, ауыл шаруашылығындағы жалақы – 635 мың теңге. Ерлер мен әйелдердің еңбегіне ақы төлеу арасындағы айырмашылық 78 мың теңгені құрайды.

Бейресми жұмыспен қамтылғандар құрылымында ауылдағы өнімсіз жұмыспен қамту көрсеткіштерінің серпінін қарау қажет, онда 2013 ж. орташа деңгей 20,0%-ды құрап, 3,4%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте, 2013 ж. Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының ең жоғары 36,3% және 30,0% ауыл тұрғындары, Маңғыстау және Атырау облыстарында ең төменгісі – 2,9% және 3,1%. 2020 ж. ел бойынша жоғары көрсеткіштер Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында қалыптасты олар тиісінше 7,5% және 6,5%, ал 0,7% төмен көрсеткіш Атырау облысына тән.

Пандемиядан шығу кезеңінде ауыл халқын әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік шаралар өнімді жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту «Еңбек» бағдарламаларына, Жұмыспен қамтудың жол картасына және экономиканы дамытудың бірқатар басқа жобаларына (Нұрлы жол, Нұрлы жер, БЖК 2020–2025 және т.б.) бағдарланады.

Бұл бағдарламалардың халық үшін, әсіресе жастар үшін тартымдылығына күмән келтіріледі. Сонымен, «Еңбек» бағдарламасы бір қолға – 76701 теңге ұсынады. 29 жасқа дейінгі жастар; 73100 теңге қоғамдық жұмыстарға кәсіби даярлығы жоқ адамдар; және 50-ден 370 мың теңгеге дейін, әлеуметтік жұмыс орындары үшін, осы мөлшерлеменің жоғарғы шегін тек жұмысшылардың өте аз тобы алады. Жұмыспен қамту мәселесін шешуге электронды еңбек биржасы да көмектесуі тиіс. Жыл басынан бері ондағы бос жұмыс орындарының саны 8,5 есеге артып, 176 мыңға жетіп, жеті айда онда 142 мың адам ғана тұрақты жұмыс тапты. Сайттағы өтінімдердің басым көпшілігінде біліктілігі төмен немесе біліктілігі жоқ адамдарға арналған лауазымдар ұсынылады және олардың еңбекақы шарттары 80–120 мың теңгені құрайды [18].

Ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуы үшін ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымының жай-күйі маңызды болып табылады. Қазақстанның ауылдық елді мекендерін әлеуметтік қамсыздандырудың білім беру инфрақұрылымы элементтеріне жасалған талдау мынаны көрсетті (2-кесте).

2000 жылдан бастап 2021 жылға дейін ауылдағы мектепке дейінгі ұйымдардың саны 177-ден 6470-ке дейін 36 есеге ұлғайды, бұл олардың саны жыл сайын орта есеппен 1,7 есеге ұлғайғанын көрсетеді. Бұл ретте, 2000 ж. ең көбі Атырау облысында – 49, ал 2021 ж. ең көп тіркелгені Алматы облысында – 1142. 2000 ж. ең аз саны барлығы 2 ұйым бойынша Қарағанды және Маңғыстау қалаларында болды, ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша ең аз саны – 189 болды.

Кесте 2 – Қазақстанның ауылдық елді мекендерін дамытуда білім беру қолдауының әлеуметтік инфрақұрылымының көрсеткіштері 2010–2021 жж.

Аймақтар	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Мектепке дейінгі ұйымдар												
Қазақстан Республикасы	3282	4298	5149	5426	5820	5990	6149	6156	6257	6318	6328	6470
Ақмола	264	332	384	415	434	451	463	475	487	487	482	479
Ақтөбе	147	391	396	392	391	387	385	358	322	320	316	315
Алматы	60	369	447	466	567	632	727	807	864	947	972	1142
Атырау	74	172	179	184	185	196	200	203	201	198	202	200
Батыс Қазақстан облысы	354	351	377	366	373	369	369	366	366	361	360	357
Жамбыл	203	258	273	276	282	301	307	317	350	362	367	371
Қарағанды	250	273	279	276	278	275	274	271	272	271	268	259
Қостанай	498	510	511	503	498	485	482	470	449	436	421	400
Қызылорда	151	206	306	370	444	461	484	407	420	421	425	425
Маңғыстау	36	43	77	80	103	111	125	129	149	176	176	189
Павлодар	254	275	284	292	297	300	296	290	286	261	258	258
Солтүстік Қазақстан	483	504	515	511	500	486	473	451	428	419	414	407
Түркістан	145	224	705	865	891	970	1000	1039	1098	1098	1104	1111
Шығыс Қазақстан облысы	363	390	416	430	577	566	564	573	565	561	563	557
Жалпы білім беретін мектептер												
Қазақстан Республикасы	5945	5890	5830	5748	5631	5546	5470	5402	5338	5285	5262	5262
Ақмола	550	547	541	529	515	502	494	486	480	476	470	466
Ақтөбе	370	366	365	350	344	336	330	318	289	283	282	283
Алматы	656	654	655	658	649	652	656	672	675	680	681	687
Атырау	138	137	138	139	138	136	134	133	130	131	128	129


2-кестенің жалғасы

Батыс Қазақстан облысы	370	363	362	355	339	333	327	321	318	316	314	307
Жамбыл	386	382	376	371	366	364	366	365	359	355	358	370
Қарағанды	359	356	349	335	338	323	319	309	306	301	299	292
Қостанай	512	503	490	477	470	457	449	434	425	417	407	390
Қызылорда	239	240	240	241	243	240	235	235	235	235	236	241
Маңғыстау	76	78	79	84	93	96	97	97	103	100	103	106
Павлодар	326	328	324	321	322	318	302	289	280	274	273	273
Солтүстік Қазақстан облысы	559	549	533	516	493	478	465	445	433	422	416	410
Түркістан	832	827	832	837	792	792	783	789	800	797	801	816
Батыс Қазақстан облысы	572	560	546	535	529	519	513	509	505	498	494	492
Ескертпе: [2] дереккөз негізінде құрастырылған.												

Еліміздің барлық өңірлері бойынша өсуді көріп отырған елдің ауылдық елді мекендеріндегі мектепке дейінгі ұйымдар өсуінің оң серпініне қарағанда, 2000–2021 жж. кезеңінде жалпы білім беретін мектептер санының ұлғаюы елдің бірнеше өңірлерінде ғана болды. Алматыда – 120, Атырауда – 16, Қызылордада – 66, Маңғыстауда – 76, Түркістанда – 19 мектеп бар. Осы жылдар ішінде Солтүстік Қазақстанда – 290, Қостанайда – 227, Батыс Қазақстанда – 155, Ақмолада – 150, Ақтөбеде – 143, Шығыс Қазақстанда – 125, Павлодарда – 102, Қарағандыда – 65, Жамбылда – 18 мектеп саны қосылды. Бұл сандық көрсеткіштер, ең алдымен, халықтың ауылдарға кетуімен, гүлденген өңірлер мен қалаларға көшуімен, шағын жинақталған мектептердің қысқаруымен байланысты деп есептейміз.

Соңғы онжылдықта ел бойынша ауылдық елді мекендер санының ұдайы азаюы байқалуда. Мысалы, 2005 жылдан бастап 2016 жылға дейін олардың саны 965-ке, 2018 ж. ішінде 94-ке дейін қысқарды. Олардың және тиісінше ауыл халқының қысқаруы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің артуымен де, қалалық және ауылдық жерлердегі өмір сүру жағдайларының тең еместігімен де байланысты. Ауылда оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби дағдыға ие болмайтын жастардың үлесі (15-тен 24 жасқа дейінгі) қаламен салыстырғанда едәуір көп: қалада – 5,7%, ауылда – 6,9% [2]. Бұл сандар ауылдық елді мекендердегі жастар саясаты оларды оқытуға, жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бөлігінде назар аударуды талап ететінін растайды.


Бұдан әрі, 5-суретте елдегі ауыл халқының әлеуметтік өмір сүру жағдайларын сипаттайтын бірқатар көрсеткіштердің өзгеру серпінін талдай отырып, ауылда бір тұрғынға тұрғын үймен қамтамасыз етілу орта есеппен 18% шегінде ауытқып отырғанын, бұл қала бойынша көрсеткіштен – 23,5% айтарлықтай төмен екенін көре аламыз.



Сурет 5 – Ауылда бір тұрғынды тұрғын үймен қамтамасыз ету

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде құрастырылды.


Ауыл деңгейінде қауіпсіз судың, санитарияның және гигиенаның (сумен жабдықтау, санитария және гигиена (СЖСГ) саласында барлық адамдар үшін қауіпсіз қызметтердің жоқтығынан) болмауынан болатын өлім-жітім көрсеткіштеріне қатысты талданатын кезеңде орташа – 0,96%-ды, қалалық деңгейде – 0,79%-ды құрады. Алайда, соңғы үш жылдың деректері бойынша қалалық жағдай нашарлады, 100 000 адамға шаққанда өлім-жітім осы жылдар ішінде барынша 1,4-ке дейін өсті, ауыл тұрғындары арасында сапасыз судан болатын өлім-жітім 1,1 деңгейінде тұрақты (6-сурет).



Сурет 6 – 2010–2021 жж. бойынша ҚР-ың ауылдарында қауіпсіз судың және тұрғын үймен қамтамасыз етудің болмауынан болатын өлім-жітім саны

Ескертпе: [18] дереккөз негізінде құрастырылды.

Халықты интернетпен қамту жөніндегі мемлекеттік шаралар нәтиже беруде, ауылда интернетті пайдаланатын халықтың үлесі 2011 жылғы 38,6%-дан 2020 ж. 85,5%-ға дейін өскен (7-сурет).



Сурет 7 – 2011–2020 жж. арналған ҚР ауылдарындағы халықты интернетпен қамту, %

Ескертпе: ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша жасалды.

2019 ж. 4 Мбит/с және одан жоғары жылдамдықпен интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі ауылдық жерлерде орта есеппен 94,2%-ды құраса, 2020 ж. 96,8%-ға өсті (3-кесте).

Кесте 3 – Интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген ауыл мектептерінің үлесі, %


Аймақтар	2019 ж.	2020 ж.
Ауыл халқы	93,0	95,0
Ақмола	100,0	99,0
Ақтөбе	96,8	97,0
Алматы	91,0	93,0
Атырау	92,4	98,0
Батыс Қазақстан облысы	85,4	96,0
Жамбыл	100,0	100,0
Қарағанды	97,0	96,0
Қостанай	89,9	100,0
Қызылорда	99,6	100,0
Маңғыстау	100,0	99,0
Павлодар	100,0	100,0
Солтүстік Қазақстан облысы	89,6	95,0
Түркістан	81,9	83,0
Шығыс Қазақстан	99,4	99,0
Ескертпе: ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша жасалды.		

Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамытудың қазіргі жай-күйін талдау ауылдық аумақтардың аграрлық мүмкіндіктерін іске асыру тұрғысында олардың дамуын шектейтін бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Оларға мыналар жатады: әрбір аумақтың ерекшеліктерін ескермейтін ауылдық елді мекендерді дамыту мақсаттары бойынша барлық өңірлерге жалпы көзқарас, басқару субъектілері арасында сенімнің болмауы, бюрократиялық кедергілер, заңдардағы олқылықтар мен қайшылықтар, ауыл тұрғындарының тұрмысын, еңбек, көлік, әлеуметтік жағдайларын қолдаудың қаржылық тапшылығы және т.б. сыртқы факторлардың тұрақты өзгергіштігін атап өткен жөн, олар сонымен қатар экономиканы дамытудың, әлеуметтік саланы дамытудың және елдегі ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымының жалпы мемлекеттік және өңірлік саясатының қолданыстағы тетігінде ескерілмейді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы ауылдық елді мекендердің тартымсыздығы, олардың дамуының негізгі көрсеткіштері мен бағыттарын талдау нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік орналасудың, инфрақұрылымның төмен деңгейімен, жастардың, тұрғындардың болашағының болмауымен байланысты.

Қазіргі жағдайды, осы салалардағы ұйымдық-экономикалық жағдайлардың даму ерекшеліктерін, әлеуетін және ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстанда ауылдық аумақтарды кешенді дамыту қажет деп есептейміз. Бұл ретте ауылдық елді мекендерді басқару субъектілері өз дамуын бастапқыдан бастап, институционалдық және экономикалық тұтқаларды пайдалана отырып, өңірдің және еліміздің ауылдық елді мекенінің әлеуетін, мүдделерін ескере отырып, мақсатты ұстанымдарға бағдарлануы қажет. Кері байланысты қалыптастыру арқылы ынталандыру және бақылау әдістері 8-суретке (100 б.) сәйкес.

Аумақтық дамуды басқару субъектілері болып мемлекет, облыстық және жергілікті мемлекеттік басқару субъектілері, сондай-ақ кәсіпорындар табылады. Нысаналы позицияларға қол жеткізу үшін институционалдық-экономикалық тетіктің құралдарын, әдістері мен тетіктерін нысаналы, негізгі және нәтиже беретін блоктар арқылы іске қосу қажет. Өрараптандыруға негізделген ауылдық аумақтарды дамыту тетігі «Өмір сүру деңгейі мен сапасы» мақсатты блогын қамтуы керек. Мақсат ретінде өмір сүру ұзақтығы, жұмыспен қамту, орташа жалақы, білім, тұтыну құрылымы, тұрғын үй, экология, демалыс, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, мәдениет қолданылады.



Сурет 8 – Қазақстандағы ауылдық аумақтарды кешенді дамытудың институционалдық-экономикалық тетігі

Ескертпе: авторлармен құрастырылған.

Қорытынды

Қазақстанның ауылдық аумақтарын институционалдық-экономикалық дамыту тетігін біз ауылдық елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамыту тұжырымдамасын іске асыруға әртараптандырылған тәсіл түрінде көреміз. Әртараптандыру ауылдық аумақтарды дамытудың негізіне және елдегі өңірлік дамуды басқару және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналуы тиіс.

Ауылдық аумақтарды дамытуда әртараптандыру тәсілінің басымдылығын ескере отырып, олардың экожүйесін дамытуды ұмытпаған жөн. Ауылдық елді мекендерде балалардың спорттық-сауықтыру алаңдарын дамытуға көңіл бөліп, жергілікті көрікті жерлер мен тарих және мәдениет ескерткіштеріне үнемшілдікпен қарауды қалыптастырып, барлық аудандардың инфрақұрылымын жақсартуға көңіл бөлу қажет.

Экономиканы өсіру, әлеуметтік саланы және ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасын іске асырудың бейресми институттары ретінде біз үнемі кері байланыс пен билікке деген сенімді нығайту қажеттілігін айтамыз.

Ауылдық елді мекендердің саяси маңызы жоғары, орта тапты қалыптастыру және нығайту қажет. Мақсатты позициялар: кедейлікті азайту, нақты орташа айлық жалақының өсуін қамтамасыз ету, халықтың жан басына шаққандағы нақты ақшалай табысының өсуі, өмір сүру ұзақтығын ұлғайту, жас ұрпақты спортпен шұғылдануға қолдау көрсету, Қолжетімді тұрғын үймен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, ауылда шағын және орта бизнесті дамыту.

Кедейлікпен күрес жөніндегі жаңа шаралар мемлекеттен көмек алушылардың контингентін кеңейтуді ғана емес, жұмыс, жұмыспен қамту, оқу және т.б. жағдайларды жасауды да қамтуға тиіс.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандағы демографиялық процестердің, көші-қон, урбанизация ерекшеліктері мен динамикасын, факторларын зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдарды әзірлеу (ЖТН BR10965247)» бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Женсхан Д., Альпеисова Ш.Е. Социально-экономическое развитие сельских районов Казахстана // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 1. – С. 147–154. URL: <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.18>
- 2 Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету. URL: https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals/goal_11_sustainable_cities_and_communities (өтініш берілген күн: 14.05.2022)
- 3 Lall S.V., Harris S., Zmarak S. Rural-Urban Migration in Developing Countries: A Survey OF Theoretical Predictions and Empirical Findings. –The World Bank: Development Research Group, 2006. URL: <http://hdl.handle.net/10986/8669>
- 4 Torum B. Rural – Urban Migration and Cardiovascular Disease Risk Factors in Young Guatemalan Adults // International Journal of Epidemiologists. 2002. No. 31. P. 218–226.
- 5 Deshingkar P. Understanding the Implications of Migration for Pro-poor Agricultural Growth // Agriculture Task Group Meeting. 2004. No. 17. P. 1–20.
- 6 Amrevurayire E.O., Ojeh V.N. Consequences of rural-urban migration on the source region of Ughievwen clan Delta state Nigeria // European Journal of Geography. 2016. Volume 7. No. 3. P. 42–57.
- 7 Закшевский В., Меренкова И., Перцев В. Модель социального партнерства на сельских территориях // АПК: экономика, управление. – 2015. – № 6. – С. 69–75.
- 8 Каймакова М.В. Экономический механизм развития сельской социальной инфраструктуры региона: автореферат дисс. на соискание ученой степени канд. экон. наук 08.00.05. – Москва, 2009. – 23 с.
- 9 Костарев А.В. Стратегия развития социальной инфраструктуры сельского муниципального образования: дисс. на соискание ученой степени канд. экон. наук 08.00.05. – Пермь, 2004. – 167 с.
- 10 Тлеубердинова А.Т., Нурланова Н.К., Альжанова Ф.Г. Социальные последствия роста казахстанских мегаполисов и рекомендации по их преодолению // Economics: the strategy and practice. – 2022. – № 17(4). – С. 58–75
- 11 Киреева А.А., Нурланова Н.К., Кенжегулова Г.К., Кенжеали Е.А. Оценка уровня депрессивности и уязвимости населенных пунктов: на примере регионов западного Казахстана // Qainar Journal of Social Science. – 2022. – № 1(4). – С. 35–48.
- 12 Тлеубердинова А.Т., Кулик В.Б., Кулик К.В. Анализ обеспеченности транспортной инфраструктурой сельских районов Республики Казахстан // Вестник университета «Туран». – 2021. – № 3(83). – С. 103–111.
- 13 Полухина Е.А. Оценка инфраструктурного ресурса транспортной составляющей АПК Казахстана: критерии и показатели // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 3. – С. 186–192. URL: <https://doi.org/10.46666/2021-3.2708-9991.21>
- 14 Женсхан Д., Рустембаев Б.Е., Нукешева А.Ж. Ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы: Қазақстанның ауыл халқының әл-ауқатын жаңартуға және жақсартуға бағдарлану // Проблемы агрорынка. – 2022. – № 3. – С. 184–191.
- 15 Бодаухан К., Женсхан Д., Жолмуханова А.Ж. Внутренняя миграция и ее влияние на развитие социальной инфраструктуры сельских территорий Казахстана // Проблемы агрорынка. – 2022. – № 4. – С. 197–206. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.21>
- 16 Об утверждении Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны до 2030 года. Указ Президента Республики Казахстан от 9 октября 2019 года № 185. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000185/info> (өтініш берілген күн: 14.05.2022)
- 17 М.Н. Муханова. Занятость селян в неформальном секторе на региональных рынках труда АПК. URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/61383/1/978-5-7741-0327-0_049.pdf (өтініш берілген күн: 14.05.2022)
- 18 Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы // OECD: Секретариат по международным отношениям. Подразделение по работе со странами Евразии. – С. 49.

REFERENCES

- 1 Zhenshan D., Al'peisova Sh.E. (2021) Social'no-jekonomicheskoe razvitie sel'skih rajonov Kazahstana // Problemy agrorynka. No. 1. P. 147–154. URL: <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.18>. (In Russian).
- 2 Qalalar men eldi mekenderdiń ashıyqyǵyn, qauıpsızdıǵın, ǵmırshenıdıǵın zhāne jekologijalyq tıraqtıyǵyn qamtamasyz etu. URL: https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals/goal_11_sustainable_cities_and_communities (ötınış berılgen kün: 14.05.2022). (In Kazakh).
- 3 Lall S.V., Harris S., Zmarak S. (2006) Rural-Urban Migration in Developing Countries: A Survey OF Theoretical Predictions and Empirical Findings. –The World Bank: Development Research Group. URL: <http://hdl.handle.net/10986/8669>. (In English).

- 4 Torum B. (2002) Rural – Urban Migration and Cardiovascular Disease Risk Factors in Young Guatemalan Adults // International Journal of Epidemiologists. No. 31. P. 218–226. (In English).
- 5 Deshingkar P. (2004) Understanding the Implications of Migration for Pro-poor Agricultural Growth // Agriculture Task Group Meeting. No. 17. P. 1–20. (In English).
- 6 Amrevurayire E.O., Ojeh V.N. (2016) Consequences of rural-urban migration on the source region of Ughievwen clan Delta state Nigeria // European Journal of Geography. Volume 7. No. 3. P. 42–57. (In English).
- 7 Zakshevskij V., Merenkova I., Percev V. (2015) Model' social'nogo partnerstva na sel'skih territorijah // APK: jekonomika, upravlenie. No. 6. P. 69–75. (In Russian).
- 8 Kajmakova M.V. (2009) Jekonomicheskij mehanizm razvitija sel'skoj social'noj infrastruktury regiona: avtoreferat diss. na soiskanie uchenoj stepeni kand. jekon. nauk 08.00.05. Moskva, 23 p. (In Russian).
- 9 Kostarev A.V. (2004) Strategija razvitija social'noj infrastruktury sel'skogo municipal'nogo obrazovanija: diss. na soiskanie uchenoj stepeni kand. jekon. nauk 08.00.05. Perm', 167 p. (In Russian).
- 10 Tleuberdinova A.T., Nurlanova N.K., Al'zhanova F.G. (2022) Social'nye posledstvija rosta kazahstanskikh megapolisov i rekomendacii po ih preodoleniju // Economics: the strategy and practice. No. 17(4). P. 58–75. (In Russian).
- 11 Kireeva A.A., Nurlanova N.K., Kenzhegulova G.K., Kenzheali E.A. (2022) Ocenka urovnja depressivnosti i ujazvimosti naselennyh punktov: na primere regionov zapadnogo Kazahstana // Qainar Journal of Social Science. No. 1(4). P. 35–48. (In Russian).
- 12 Tleuberdinova A.T., Kulik V.B., Kulik K.V. (2021) Analiz obespechennosti transportnoj infrastrukturoj sel'skih rajonov Respubliki Kazahstan // Vestnik universiteta «Turan». No. 3(83). P. 103–111. (In Russian).
- 13 Poluhina E.A. (2021) Ocenka infrastrukturnogo resursa transportnoj sostavljajushhej APK Kazahstana: kriterii i pokazateli // Problemy agrorynka. No. 3. P. 186–192. URL: <https://doi.org/10.46666/2021-3.2708-9991.21>. (In Russian).
- 14 Zhenshan D., Rustembaev B.E., Nukesheva A.Zh. (2022) Ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы: Қазақстанның ауыл халқының әл-ауқатын жаңартуға және жақсартуға бағдарлану // Problemy agrorynka. No. 3. P. 184–191. (In Russian).
- 15 Bodauhan K., Zhenshan D., Zholmuhanova A.Zh. (2022) Vnutrennjaja migracija i ee vlijanie na razvitie social'noj infrastruktury sel'skih territorij Kazahstana // Problemy agrorynka. No. 4. P. 197–206. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.21>. (In Russian).
- 16 Ob utverzhdenii Prognoznoj shemy territorial'no-prostranstvennogo razvitija strany do 2030 goda. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 9 oktyabrja 2019 goda No. 185. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000185/info> (ötinish berilgen kyn: 14.05.2022). (In Russian).
- 17 M.N. Muhanova. Zanjatost' seljan v neformal'nom sektore na regional'nyh rynkah truda APK. URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/61383/1/978-5-7741-0327-0_049.pdf (ötinish berilgen kyn: 14.05.2022). (In Russian).
- 18 Reformy v Kazahstane: uspehi, zadachi i perspektivy // OECD: Sekretariat po mezhdunarodnym otnoshenijam. Podrazdelenie po rabote so stranami Evrazii. P. 49. (In Russian).

М.М. ХАЛИТОВА,*¹

д.э.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: madinakhalidi@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9564-5503

С.К. НУРЫМОВА,¹

докторант.

e-mail: nurymova_saule@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0085-0884

Ж.К. ДЮСЕБАЕВА,¹

докторант.

e-mail: mdzhk@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-9141-2101

¹Институт экономики Комитета науки МНВО РК,
г. Алматы, Казахстан

МЕХАНИЗМЫ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ СЕЛ КАЗАХСТАНА ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ

Аннотация

Несмотря на наличие благоприятных условий для успешного ведения сельского хозяйства темпы продолжающегося процесса миграции сельских жителей в крупные города республики не сокращаются. Необходи-

димось выявления причин возникновения данного парадокса в Казахстане и выработки комплекса необходимых мер по их устранению обосновывает актуальность темы статьи. Остроту данной проблемы усиливает также недостаточная степень реализуемости государственных мер по развитию социальной инфраструктуры сельских территорий. Целью исследования является анализ показателей уровня экономического развития и уровня обеспеченности социальной инфраструктурой, влияющих на демографическую ситуацию в сельских поселениях. В методологии исследования используется системный подход к изучению показателей, характеризующих благополучие сельского населения, качество жизни, и к оценке эффективности программ, направленных на оздоровление сельской экономики. Рассмотрены вопросы анализа современного состояния сельских населенных пунктов Казахстана для принятия необходимых государственных мер в направлении улучшения инфраструктуры сельских населенных пунктов. Анализ государственных программ развития сельского хозяйства Казахстана позволяет выделить виды проблем, возникающих в социально-экономическом развитии сельских территорий. Рекомендуется разработать новые пути решения проблем в развитии сельских территорий путем использования инновационных методов стимулирования сельского населения к повышению эффективной занятости, развитию массового предпринимательства в селах.

Ключевые слова: сельское поселение, развитие, новые подходы, анализ, целевые программы, цифровизация, инфраструктура.

M.M. KHALITOVA,*¹

d.e.s., associated professor.

*e-mail: madinakhalidi@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9564-5503

S.K. NURIMOVA,¹

PhD student.

e-mail: nuryanova_saule@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0085-0884

ZH.K. DYUSSEBAYEVA,¹

PhD student.

e-mail: mdzhk@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9141-2101

¹Institute of Economics of the Science Committee
of the MSHE RK,
Almaty, Kazakhstan

MECHANISMS FOR SOCIAL INFRASTRUCTURE DEVELOPMENT OF THE RURAL AREAS OF KAZAKHSTAN FOR THE IMPROVEMENT OF DEMOGRAPHIC SITUATION

Despite the presence of favorable conditions for successful farming, the pace of the ongoing process of migration of rural residents to large cities of the republic is not decreasing. The relevance of the research topic is explained by the need to identify the causes of this paradox in Kazakhstan and create a set of necessary measures to eliminate them. The severity of this problem is also aggravated by the insufficient degree of implementation of state measures to develop the social infrastructure of rural areas. The purpose of the study is to analyze indicators of the level of economic development and the level of provision with social infrastructure that affect the demographic situation in rural settlements. The research methodology uses a systematic approach to the study of indicators characterizing the well-being of the rural population, the quality of life and the evaluation of the effectiveness of programs aimed at improving the rural economy. The issues of analyzing the current state of rural settlements in Kazakhstan in order to take the necessary state measures in the direction of improving the infrastructure of rural settlements are considered. The analysis of state programs for the development of agriculture in Kazakhstan allows us to identify the types of problems that arise in the socio-economic development of rural areas. It is recommended to develop new ways to solve problems in the development of rural areas through the use of innovative methods to stimulate the rural population to increase effective employment, the development of mass entrepreneurship in villages.

Key words: rural settlement, development, new approaches, analysis, targeted programs, digitization, infrastructure.